

Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Біржан ауылдық округінің Сексен учаскесіндегі " Айгерім" шаруа қожалығына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Зайсан ауданы Біржан ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 29 мамырдағы № 5 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Біржан ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 15 мамырдағы № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 15 мамырда № 7089 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес және Зайсан ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2019 жылғы 26 қарашадағы № 272 ұсынысы негізінде Біржан ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мүйізді ірі-қара малдарының бруцеллез ауруының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеніне байланысты Зайсан ауданы Біржан ауылдық округінің Сексен учаскесіндегі "Айгерім" шаруа қожалығына белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Зайсан ауданы Біржан ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 29 мамырдағы № 5 " Біржан ауылдық округінің Сексен учаскесіндегі "Айгерім" шаруа қожалығына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2019 жылдың 31 мамырында № 5986 болып тіркелген, 2019 жылғы 05 маусымда "Достық" газетінде жарияланған және 2019 жылдың 12 маусымында Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

3. "Біржан ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Зайсан ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Зайсан ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Біржан ауылдық округінің әкімі

С. Хамитов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК